

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі

«А. Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті» РМҚ

Гуманитарлық-әлеуметтік
факультеті



Бектемін

Ғылыми кеңес төрағасы
Х. Валиев
2018 ж.



**Мамандықтың модульдік білім беру
бағдарламалары 6М020500-Филология**

Білім беру бағдарламаларының атауы:

«Тіл білімі»

«Әдебиеттану»

Деңгейі: ғылыми және педагогикалық магистратура

Қостанай, 2018

Құрастырушылар:

Ахметова Б.З. – тіл және әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі
Абубакирова Г.Н. - тіл және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы
Дускенова Д.О. – тіл және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы

Гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің әдістемелік кеңес отырысында қарастырылды, 22.01. 2018 ж. № 1 хаттама

Университеттің Ғылыми кеңесі отырысында қарастырылған, 27.04 2018 ж.
№ 5 хаттама

Білім беру бағдарламаларының паспорты

1 Білім беру бағдарламасы «Тіл білімі»	2 Білім беру бағдарламасы «Әдебиеттану»
Білім беру бағдарламасының мақсаты	
Кәсіби және ғылыми біліктілігі мен дағдылары қалыптасқан және оларды педагогикалық және ғылыми қызметте қолдана білетін, бәсекеге қабілетті ғылыми және педагог кадрларды дайындау	
Тіл білімінің тарихы, теориясы мен әдіснамасы бойынша білімі бар, тіл құбылыстарын тиімді зерттеу тәсілдерін меңгерген жоғары білікті мамандар дайындау	Әдебиеттану тарихы, теориясы мен әдіснамасы бойынша білімі бар, әдебиеттану бойынша зерттеудің тиімді зерттеу тәсілдерін меңгерген жоғары білікті мамандар дайындау
Берілетін дәреже	
6M020500-Филология мамандығы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі	
Маманның қызмет аясы	
ЖОО оқытушысы, ғылыми қызметкер, білім беру ұйымының басқарушы, маман	
Кәсіби қызмет аймағы	
Филология және гуманитарлық білім саласында, тілдік, жеке тұлғааралық және мәдениетаралық коммуникация, білім беру, мәдениет және басқарудағы зерттеушілік және тәжірибелік қызмет	
тіл білімі саласындағы зерттеушілік және тәжірибелік қызмет	әдебиеттану саласындағы зерттеушілік және тәжірибелік қызмет
Кәсіби қызмет нысаны	
Кәсіби білім берудің жоғарғы және орта ұйымдары, ғылыми-зерттеу институттары	
Түрлі аспектідегі тілдер (теориялық, тәжірибелік, синхрониялық, диахрониялық, әлеуметтік мәдени және и диалектологиялық)	Тарихи және теориялық аспектідегі халық ауыз әдебиеті, қалыптасуының жалпы заңдылықтары және даму заңдылықтары есепке алынған әлем көркем әдебиеті
Кәсіби қызмет түрі	
Педагогикалық, ғылыми-зерттеу	
Кәсіби іс-әрекет қызметі	
Білім беру, тәрбиелік, ғылыми-зерттеу, басқару	
Аударма	Әдебиеттану тұрғысынан талдау
Негізгі құзыреттіліктер	
<p>Туған тіл саласында жазбаша және ауызша түрде өз ойларын дұрыс және логикалық түрде құрастыра білу, шешендік өнер дағдысының болуы.</p> <p>Шет тілдер саласында шет тілін кәсіби деңгейде еркін меңгеру, жжо-да арнайы пәндерді оқытуды жүзеге асыру және ғылыми зерттеулерді жүргізу, мәдениаралық коммуникация және кәсіби қарым-қатынаста дағдысының болуы.</p> <p>Іргелі математикалық, жаратылыстану-ғылыми техникалық даярлау. өз кәсіби қызметінде ойлаудың математикалық амалдарын (логика, кеңістіктік ойлау) және презентацияларды (формулалар, модульдер, кестелер) қолдана білуі және күнделікті жағдайларда өндірістік есептерді шығару үшін математикалық ойларды пайдаланып, дамыта білуі керек; кәсіби есептерді шешу үшін өз білімі мен әдіснамасын қолдана білуі керек, дәлелдермен</p>	

негізделген жаһанды түсіндіретін проблемалар мен қорытындылар үшін білім мен әдіснама негізін пайдалана білуі қажет.

Компьютерлік даярлау

Аналитикалық және зерттеу міндеттерін шешу үшін ақпараттық технология және замауи техникалық құрал-жабдықтарды қолдана білу, алу, сақтау, ақпаратты қайта өңдеудің негізгі әдіс- тәсілдерін меңгеру, ақпаратты басқару құралы ретінде компьютермен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, жаһандық компьютерлік желілердегі ақпараттармен жұмыс істеу; қазіргі ақпараттық технологияларды жұмысқа тарту үшін ақпараттық-талдау және ақпараттық биологиялық жұмыстар жүргізу; білім беру үрдісінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану дағдысының болуы.

Оқу, ғылыми және педагогикалық даярлау

ғылымтану дамуында заманауи тенденцияларды түсіну; жаратылыстану (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) ғылымдарының философиялық және әдістемелік өзекті проблемалары, жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби құзыреттілігі туралы түсінігі болуы керек; ғылыми таным әдіснамасын, ғылыми қызмет ұйымының құрылымы мен принциптерін, оқыту үрдісіндегі студенттердің танымдық қызметінің психологиясын, оқытудың сапасы мен тиімділігін арттырудың психологиялық әдістері мен тәсілдерін білу; ғылыми зерттеу контекстіндегі ойларды қолдану және айрықша дамыту үшін алған білімдерін пайдалана алу; құбылыстар мен үрдістерді талдау үшін қолданыстағы концепциялар, теориялар мен тәсілдемелерді сыни тұрғыда талдай алу; жаңа таныс емес жағдайларда зерттеу мақсаттарын шешу үшін әртүрлі пәндер шеңберінде алған білімдерін қолдану; білімдерді біріктіру арқылы қорытынды шығару және шектелген немесе толық емес ақпарат негізінде шешім қабылдау;

өзінің педагогикалық қызметінде жоғары мектеп педагогикасы және психологиясының білімдерін, оқытудың интерактивті әдістерін қолдана білу; диссертация, ғылыми мақалалар, есеп, сараптамалық жазба және т.б. түрінде ғылыми-зерттеу және сараптамалық жұмыстардың нәтижелерін жалпылау; қалыпты ғылыми мақсаттарын шешу, ғылыми-зерттеу қызметінің дағдысын қалыптастыру; кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру және педагогикалық қызметерін жүзеге асыру; кәсіби пәндерді оқытудың әдістерін білу, білімдерін тереңдету және кеңейту, күнделікті кәсіби қызмет және докторантурада білімдерін жалғастыру; ғылыми зерттеу әдіснамасы саласында: жоғары оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметінде, заманауи білім беру технологиясы мәселелерінде, кәсіби салада ғылыми зерттеулер және жобаларды орындауда, білімдерін үнемі толықтыруды қамтамасыз етуде, кәсіби дағдылары мен икемділіктерін кеңейтуде күзіретті болу керек;

оқуды өз бетімен жалғастыруға мүмкіндігінің болуы.

Әлеуметтік (жеке тұлға аралық, мәдениаралық, азаматтық) даярлау

өзіне жауапкершілік арта білу, бірлесе шешім қабылдау және оның жүзеге асуына қатысу, әртүрлі этномәдениет және діндерге толеранттылық, жеке қызығушылықтарының кәсіпорын және қоғам қажеттіліктерімен біте қайнауы, деморатиялық институттардың жұмыс істеуіне қатысу, әріптестерімен байланыс жасау, ұжыммен жұмыс, іскерлік этика нормаларын сақтау, этикалық және құқықтық тәртіп нормаларын білу, дауларды алдын ала ескерте білу және шешу жолын табу, өзара келісімге келе білу, ұжыммен арақатынасын белгілеу; қоғамдық өмірде білім мен ғылымның ролін білу; жаһандану үрдісінде қайшылықтары мен әлеуметтік - экономикалық салдарын білу; өз қызметінде құқықтық нормативтік құжаттарды қолдана білу, азаматтық қоғам жағдайларында жол апаты, зілзала, аяқасты апаттардың салдарынан, қорғаудың негізгі әдістерін қадағалап, әрекет жасау.

Мәдени және басқа дақосымша қабілеттер-сыни ойлау, жасампаздық (шығармашылық), инновациялық өлшем, белсенді өмірлік позиция.

Қазақстан халқының салт-дәстүрлері мен мәдениетін білу, әлемнің басқа халықтарының салт-дәстүріне, мәдениетіне толеранттылық таныту, мәдени ой өрісінің болуы, ақпараттарды қабылдау, саралау, жалпылауға қабілетті болуы, алдына мақсат қойып, оған жете алу,

<p>мәдениеттің мәнін адами өмір сүру ретінде тану және өз қызметінде мәдени құндылықтарды қолдана білу, өзінің қызметінде негізгі мәдени құндылықтарды, толеранттылықтың заманауи принциптерін, сұхбат және ынтымақтастықты басшылыққа алу; кәсіби қызмет мақсаттарына жетуде табандылық пен бастамашылық, шығармашылық көзқарас таныта білу және әртүрлі жағдайларға бейімделуге, өз тәжірибесін сыни тұрғыда қайта қараға мүмкіндігінің болуы; жаңа проблемалар мен жағдайларға шығармашылық көзқараспен қарай алу; белсенді кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін денсаулықты нығайты және ағзаның бейімделуін арттыру мақсатындасалауатты өмір салты туралы түсінігін дұрыс қолдана білуі; белсенді өмірлік позицияны түсіну және қабылдау.</p>	
<p>Арнайы күзiреттiлiктер</p>	
<p>Филологиялық зерттеудің әдіснамалық принциптері мен әдіс-тәсілдер жүйесін меңгеру; сыни талдау жүргізу және филология мен басқа да гуманитарлық ғылымдар үшін теориялық және тәжірибелік білімді өз ғылыми зерттеулерінде пайдалану; дағдылы қарым-қатынастың түрлі салаларда коммуникативтік стратегия мен тактика, шешендік, стилистикалық және тілдік норма мен тәсіл таңдау.</p>	
1 білім беру бағдарламасы бойынша оқыту аясында	2 білім беру бағдарламасы бойынша оқыту аясында
Тіл білімі және оның даму динамикасы аясында зерттеу жүргізу	Әдебиеттану және оның даму динамикасы аясында зерттеу жүргізу
Тіл жүйесіндегі сипаттамалы және тарихи аспектілер бойынша өзіндік зерттеу дағдыларын меңгеру	Фольклордың негізгі заңдылықтары мен әдебиеттің сипаттамалы және тарихи аспектілері бойынша өзіндік зерттеу дағдыларын меңгеру

Оқытудың нәтижесі

Білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін түлек білуі керек:

1) ғылыми зерттеу контекстінде идеяларды қолдану және айрықша дамыту үшін негіз немесе мүмкін болып табылатын жоғары білім беру деңгейінде алынған білімдерін, түсініктерін филология саласында көрсету;

2) филология саласымен байланысты, ауқымы кең (немесе тәртіпаралық) салалар шеңберінде және жаңа немесе таныс емес жағдайлардағы проблемаларды шешуде қабілеттерін мен түсініктерін, білімдерін қолдана білу;

3) этикалық және әлеуметтік жауапкершілікті есепке ала отырып толық емес және шектеулі ақпарат негізінде білімдерін біріктіру қиындарды жеңе білу және пікір қалыптастыру;

4) өз қорытындалары мен білімдерін мамандар және маман еместерге нақты және ашық баяндау;

5) білімін өз бетінше жалғастыру.

Білім беру бағдарламасының мазмұны

Модуль атауы	Қалыптасатын құзыреттіліктер	Көлемі		Семестрлер	Модуль компоненттері					
		kz	ECTS		Пән коды	Пәннің атауы/ практикалар	Цикл	МК/ ТК	Кредит т көлемі	Бақылау формасы
Жалпы модульдер										
Жалпы кәсіби пәндер	Ғылымтану дамуында заманауи тенденциялары, әртүрлі ғылымдардың философиялық және әдістемелік өзекті проблемалары, жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби құзыреттілігі туралы түсінігі бар. Ғылыми таным әдіснамасын, ғылыми қызмет ұйымының құрылымы мен принциптерін, оқыту үрдісіндегі студенттердің танымдық қызметінің психологиясын, оқытудың сапасы мен тиімділігін арттырудың психологиялық әдістері мен тәсілдерін біледі. Өзінің педагогикалық қызметінде жоғары мектеп педагогикасы және психологиясының білімдерін, оқытудың интерактивті әдістерін қолдана біледі. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру және педагогикалық қызметерін жүзеге асыра алады, кәсіби пәндерді оқытудың әдістерін біледі. Жоғары оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми-	8	12	1	GTF 5201	Ғылым тарихы мен философиясы	БП	МК	2	Емт (А)
				1	ShT 5202	Шетел тілі (кәсіби)	БП	МК	2	Емт (А)
				1	Ped 5203	Педагогика	БП	МК	2	Емт (А)
				1	Psi 5204	Психология	БП	МК	2	Емт (А)

	педагогикалық қызметінде күзіретті. Шет тілін кәсіби деңгейде еркін меңгерген, жжо-да арнайы пәндерді оқытуды жүзеге асыра алады және ғылыми зерттеулерді жүргізе алады.									
Мамандықтың модулдері										
Қазақ тіл білімінің және әдебиеттанудың мәселелері	Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері туралы түсінігі болуы керек. Қазақ тілі теориясы мен практикасы саласындағы негізгі ережелер мен концепцияларды біледі. Тілді зерттеудің қазіргі лингвистикада қалыптасқан жалпылама түсініктер мен ұғымдарды тереңдетіп беру бағытында негізделген жалпы тіл білімі ғылымының өзекті мәліметтерін игереді. Тілдің болмысы, тіл мен ойлау тіл-жүйелік құрылым, тіл мәдениет пен өркениеттің көрінісі, тілді қолданудың аясы мен қызметі, қазіргі лингвистикалық ғылым саласы, ойлау механизмінің танымдықтәсілі-концептуалдық талдаудың мәні мен мазмұны, ой түйіндету, тәжірибелік талдаудың теориялық негіздерін меңгереді. Қазақ этносының өзін-өзі тілі	5	8	1 2	ТВ(А)Z hB 5301 GMK 5205 GZZhU Zh 5205	Тіл білімінің/әдебиеттанудың жаңа бағыттары Ғылыми мәтіндер құрылымы Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау	КП БП	МК ТК	2 3	Емт (А) Емт (А)

	арқылы танып білу проблемасына назар аударуға, сөз байлығының даму, өзгеру, жаңалану заңдылықтарына үңілуге құзыретті.									
Көптілді тұлғаның тілдік құзіреттілігі	Лингвистикалық зерттеулердің әдістері мен амалдарын, пән ретіндегі тарихы және оның қалыптасуын, негізгі проблемаларын, негізгі ұғымдарын, лингвистиканың коммуникативтік мәселелерін білуі керек. Кәсіби құзіреттіліктің тілдік параметрлерін, логикасына және таңдау қабілетіне сүйене отырып, ауызша және жазба ғылым тілінің стилін игереді. Коммуникативті құзіреттілігін дамыту мақсатында тілдің теориялық және практикалық заңдылықтарына негізделген практикалық лингвистиканың әдіс-тәсілдерін, тілдің коммуникативтік функциясының негізгі ережелерін меңгереді. Көптілді тұлғаны қалыптастыру мәселелерінде білім алушылардың интеллектуалды білімдерін дамыту (жазбаша және ауызша ойын жеткізу, талдау, сараптау, мәнін айту, бағалай білу)	6	9	2	LT 5302 TEAZh SM 5302	Лингводидактика тарихы Тіл экологиясы: ауызша және жазбаша сөйлеудің мәдениеті	КП	ТК	3	Емт (А)
				3	КТКК D 6303 ABU 6303	Көптілді тұлғаның коммуникативті құзіреттілігін дамыту XX-XXI ғ. әдебиетіндегі белсенді үрдістер	КП	ТК	3	Емт (А)

	құзыретті.									
Көптілдік аймақтағы ұлттық тіл және мәдениет	Көптілдік аймақтағы мәдениет мен тілдер әрекеттестігінің ерекшеліктері білуі керек. Көптілдік аймақ жағдайында байланыс мақсатында тіл құралдарын пайдалану игеруі керек. Көптілдік аймақтағы тілдер мен мәдениеттің функционалды дамуының серпіні жайлы мәлімет меңгеруі керек. Өзге ұлттардың сөйлеу этикетін зерттеу арқылы мінез-құлық мәдениеті мен сөйлесу мәдениеті жөнінде құзыретті.	6	10	3	KAUT MKD 6304 Lin 6304	Көптілдік аймақтағы ұлттық тілді және мәдениетті қалыптастыру және дамыту Лингвоелтаным	КП	ТК	6	Емт (А)
«Тіл білімі»1 білім беру бағдарламасының мамандық бойынша модульдері										
Қазақ тілі және оның тарихын іргелі зерделеу	Пән туралы теориялық ұғымдарды, қазақ тілінің тарихын; тілдің методологиялық даму тарихын білуі керек. Лингводидактиканың ғылыми пән ретіндегі тарихы және оның қалыптасуын, негізгі проблемаларын, негізгі ұғымдарын игеруі керек. Грамматикалық материалды таңдай білуі; оқу материалдарының методологиялық типологиясын	5	7	3	LIT 6305	Лингвистикалық ілімдердің тарихы	КП	ТК	3	Емт.(А)
				3	KL 6306	Контрастивтік лингвистика	КП	ТК	2	Емт.(А)

	құрудың әдіс-тәсілдерін қолдануды меңгеруі керек. Қазақ тілінің ұғымдық-терминологиялық және теориялық-әдістемелік базасына, тілдік білімнің заманауи әдістеріне құзыретті.									
Тіл білімінің жаңа бағыттары	Тілдік бастамалардың және тіл біліміндегі жаңа бағыттар, жаңа тілдік зерттеулердің парадигмаларын білуі керек. Компьютерлік лингвистика, тілді және интеллектуалдық технологиялар: компьютерлік лексикография, ақпараттық-іздеу тілдері, қарым-қатынасты моделдеу, тілдерді оқытудағы компьютерлік технологияларды игеруі керек. Оқытудың интерактивті әдістерін, қазақ тілінің Ұлттық корпусы қорын т.б. пайдалана отырып, тілді оқытудың кәсіби-практикалық біліктілігін қалыптастыру дағдысы болуы керек. Лингвистикалық зерттеулерді жүргізу мен ұйымдастыру, кәсіби қызметтің түрі мен сипатының өзгерісіне, пәнаралық жобалармен жұмыс істеуге бейімділік; мамандық бойынша өз еңбегін ғылыми негізде	6	8	1	EL 5206	Этнопсихоәлеуметтік лингвистика	БП	ТК	3	Емт.(А)
				2	Yuri 5307	Юрислингвистика	КП	ТК	3	Емт.(А)

	ұйымдастыра білуге құзыретті болуы керек.									
«Әдебиеттану» 2 білім беру бағдарламасының мамандық бойынша модульдері										
Қазақ әдебиеті және оның тарихын іргелі зерделеу	Фольклор және әдебиеттің әрекеттесу заңдылықтарын білуі керек. Халық ауыз әдебиеті шығармаларын әлемдік көркем әдебиет шығармаларымен салыстыруды игеруі керек. Әдеби құбылыстарды талдау дағдылары; тәжірибелі кәсіби салада білімдерді қолдана білу қасиетін меңгеруі керек. Әдеби үрдістерді талдауға, кәсіби қызметте әдебиеттен алған білімін қолдануға құзыретті.	5	7	3	AFD 6305	Әдебиеттегі фольклорлық дәстүрлер	КП	ТК	3	Емт.(А)
				3	AZA 6306	Әдебиеттанымдық зерттеудің әдіснамасы	КП	ТК	2	Емт.(А)
Әдебиеттанудағы жаңа бағыттары	Әдебиеттегі әлемдік постмодернизмнің негізгі өкілдерін білуі керек. Постмодернизмнің көркем тексттерін талдауды, олардың тегін, түрін анықтауды, жеке жазушылардың шығармаларын сипаттауды игеруі керек. Көркем әдебиет тексттерін жеке талдау дағдыларын, әдеби үрдістегі нақты көркем шығарманың рөлін бағалауды меңгеруі керек. Әдеби	6	8	1	РА 5206	Постмодернизм әдебиеті	БП	ТК	3	Емт.(А)
				2	ККАУ 5307	Қазақстандағы қазіргі әдеби үрдіс	КП	ТК	3	Емт.(А)

	үрдісте ғылыми интерпритациялау үшін тарихи-типологиялық, тарихи-функционалды, салыстырмалы-типологиялық және басқа да заманауи әдебиеттану ғылымының талдауының негізгі тәсілдерінде; компративисттік қырында шығармалардың ғылыми сипатталуы мен интерпритациялануының негізгі әдістерінде құзыретті.									
Вариативтік модуль										
Жалпы базалық пәндер	Қазіргі білім беру технологияларының әдістемелерін білуі керек. Қазіргі білім беру технологияларын кәсіби қызметінде қолдануды игеруі керек. Пәнді меңгерту үшін талдау, сын және шығармашылық тұрғыда ойлауды меңгеруі керек. Жоғарғы оқу орнының білім беру жағдайында қазіргі заманғы технологияларды таңдау мен пайдалануда құзыретті. Әдеби зерттеулердің әдістері мен амалдарын, пән ретіндегі тарихы және оның қалыптасуын, негізгі проблемаларын, негізгі ұғымдарын, лингвистиканың коммуникативтік мәселелерін білуі керек. Кәсіби құзіреттіліктің	6	9	2	5207, 5208 ADM IOT AMUS hT IR IBBT BBM BP PShN KKKP IT	Ақпараттық дәуірдегі мәтін Іскерлік орыс тілі Арнайы мақсаттар үшін шетел тілі Іскерлік риторика Инновациялық білім беру технологиялары Білім берудегі менеджмент Басқару психологиясы Педагогикалық шеберліктің негіздері Конструктивтік қарым-қатынас психологиясы Интернет технологиялары	БП	ТК	3 3	Емт(А) Емт (А)

	тілдік параметрлерін, логикасына және таңдау қабілетіне сүйене отырып, ауызша және жазба ғылым тілінің стилін игереді. Коммуникативті құзіреттілігін дамыту мақсатында тілдің теориялық және практикалық заңдылықтарына негізделген практикалық лингвистиканың әдіс-тәсілдерін, тілдің коммуникативтік функциясының негізгі ережелерін меңгереді. Көптілді тұлғаны қалыптастыру мәселелерінде білім алушылардың интеллектуалды білімдерін дамыту (жазбаша және ауызша ойын жеткізу, талдау, сараптау, мәнін айту, бағалай білу) құзыретті.				ZhBKT БЕР	Жобаларды басқарудың қазіргі технологиясы Бұлтты есептеулерді пайдалану				
Кәсіби практикалар	Білім алушылармен қарым-қатынас орната және дамыта білу жемісті педагогикалық қызметке әсер етеді; педагогикалық қызметті жобалау; оқу пәнінің тақырып мазмұнын білім алушыларға жетімді жеткізу; сабақ үстінде топтық жұмыстар ұйымдастыру; білім алушылардың өздік жұмыстарын ұйымдастыру және оның нәтижелерін	6	15	3 4		Педагогикалық практикасы Зерттеу практикасы	ОҚТ	МК	3 3	Есеп Есеп

	<p>бақылау. Түрлі оқу жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі әдістемелік тәсілдерін меңгеру; Оқытылып отырған пәндердің оқу материалдары мен мазмұны; білім алушылардың өздік жұмыстарын ұйымдастыру әдістері. Ғылыми зерттеу үрдісін ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыра білу; қазіргі ереже мен әдістер негізінде өзіндік ғылыми зерттеу жүргізу; заманауи зерттеу әдістерін таңдау және ұтымды пайдалану.</p>								
Қорытынды аттестация	<p>Ғылыми зерттеу үрдісін ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыра білу; зерттеу аясында түрлі теориялық концепцияны талдау, бағалау, және салыстыру, қорытындылар жасау; түрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді талдау және өңдеу; академиялық тұтастық сипатын қазіргі ережелер мен әдістер негізінде талдап, өзіндік ғылыми зерттеулер жүргізу; өзіндік жаңа ғылыми ойларды ойлап табу, ғылымның таным шекарасын кеңейту үшін өз білімі мен ойларын ғылыми ортаға хабарлау; заманауи зерттеу әдістерін таңдау және ұтымды пайдалану.</p>	11	42	1-4 4 4		<p>Магистрлік диссертацияны орындауды қоса есептегендегі, МҒЗЖ. Кешенді емтихан. Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау</p>		7 1 3	<p>Есеп КЕ (А) Қорғау</p>

	<p>Сыни талдау дағдысы қалыптасып, түрлі ғылыми теориялар мен ойларды салыстыра білуі; аналитикалық және экспериментальды ғылыми қызмет; зерттеу нәтижелерін жоспарлау және болжау; ғылыми зерттеуді жоспарлау, үйлестіру және іске асыру; зерттеу аймағын жүйелі түсініп, іргелі ғылыми Отандық және халықаралық жобаларға, ғылыми іс-шараларға қатысу.</p>									
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Білім беру бағдарламасы бөлімінде игерілетін кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте

Оқу жылы	Семестр	Меңгерілетін модульдер көлемі	Оқылатын пәндердің саны		Количество кредитов KZ						Сағат бойынша, барлығы	ECTS	Саны	
			МК	ТК	Теория.оқыту	Зертт. практика	Педаг. практика	МҒЗЖ	Қорытынды аттестация	Барлығы			емт	диф. сынақ
1	1	1	5	1	13			1		14	705	30	6	1
	2	3	0	5	15			1		16	795	30	5	1
2	3	3	0	4	14	3		4		21	1200	30	4	2
	4	2	0	0	0		3	1	4	8	900	30	2	2
Барлығы		9	5	10	42	3	3	7	4	59	3600	120	17	6

